

**Қазақстан  
Республикасының  
құқығының негіздері**

■

**Мемлекен - белгілі бір аумаққа иелік етіп , сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін , қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғары дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұғымы.**

# Мемлекеттің белгілері

- Мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады, оған заңды, атқарушы және сот органдары , әскер , полиция жатады;
- Мемлекеттің тұрғындары әкімшілік – аумақтық бірлестіктерге (облыс , аудан , ауыл т.с.с.) бөлінеді;
- Мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады;
- Мемлекеттің әскерді , полицияны , сотты , басқа мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін шенеуніктерді ұстау үшін салық жинайды;
- Мемлекет заңды және басқа нормативтік- құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамда тәртіп орнатады.

# **Мемлекет құрылымы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:**

- **Унитарлық** – құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады , мемлекет ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның территориясы , конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы, Италия, Франция, Қазақстан т.б осы түрге жатады.
- **Федерация**- белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар, бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттері арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әр субъектінің өзінің жоғары билеу ( заң шығарушы, атқарушы , сот органдары болады). Мұндай мемлекеттерге АҚШ, Алмания, Малайзия , т.б жатады.

# Қызметтері

- Шаруашылық жүргізу мәселелерін реттеу
- Жер бөлу
- Алым –салық жүйесін белгілеу
- Адамдардың құқықтық жағдайын белгілеу
- Қорғанысты қамтамасыз ету
- Мемлекет саяси ұйымдардың ішіндегі ерекше күрделі және қуаттысы бола отырып , бүкіл қоғамды қамтып , сол қоғам атынан оның ішінде де, сыртында да өкілдік етіп , сол қоғам үшін қызмет ететін саяси ұғым.

**Қазақстан  
Республикасының  
құқықтық және әлеуметтік  
мемлекет түсінігі**

**Құқықтық мемлекет**- бұқаралық саяси биліктің ұйымдастырылуы мен әрекет ету және оның құқық субъектілері ретіндегі индивидтермен өзара қатынасының құқықтық формасы

**Әлеуметтік мемлекет** – әлеуметтік қамтамасыз етудің дамыған жүйесімен сипатталатын, жалдамалы жұмысшыларға минималды өмір деңгейін және әлеуметтік тәуекелдің төмендеуін кепілдейтін мемлекеттің түрі.